ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

120018 , Қызылорда қаласы, Әуезов көшесі, 2А
Тел.: 8(7242) 40-04-84, e-mail: gozsp@korda.gov.kz

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ГОРОДСКОЙ
ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ»
АКИМАТА ГОРОДА КЫЗЫЛОРДА

120018, город Кызылорда, улица Ауэзова, 2А
Тел.: 8(7242) 40-04-84, e-mail: gozsp@korda.gov.kz

№ 05-03/315
19.02.2026

"Ел-Мұраты" мүгедектер қоғамы" қоғамдық бірлестігініңтөрағасы С.Тасыбаеваға
БСН: 170840021936
Мекенжайы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Самал-1 м/а, 1173

Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, №16135651-1 «Бірінші топ мүгедектеріне (көруі бойынша) арналған "Инватакси" қызметтерін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметін ұйымдастыру» конкурсы бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 17.02.2026 жылы жолданған №278021 шағымыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жолданған шағымыңызда қорытынды хаттаманы қайта қарауды сұрап уәж келтірілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының*(әрі қарай - Қағида)* 460-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу конкурстық құжаттамаға 21-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Қағиданың 462-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін баллдарды есептейді;

3) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарына осы Қағидалардың 460-тармағында көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін конкурстық комиссия берген баллдардың санына қарай бағаларды шартты азайтуды қолданады;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 28-қосымшаға сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы (мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу нөмірі) ресімдейді.

Сонымен қатар, Қағиданың 467-тармағында конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың және олардың конкурсқа қатысу өтінімдерін бағалаудың талаптарына сәйкестігі мәнін қарастыру нәтижелері бойынша конкурстық ұсыныстардың мынадай шартты азайтулары қолданылатындығы көрсетілген:

1) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 12-ден 17 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 10% азаяды;

2) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 18-ден 23 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 20% азаяды;

3) егер әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысу өтінімдерінің қорытынды бағасы 24-тен 28 балды қоса алғанға дейін құраса, онда әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысы шартты түрде 30% азаяды.

Шағымды қарау барысында «Орда Қайсарлары» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің *(БСН: 171240024069)* конкурстық құжаттамасы бойынша бағалау өлшемшарттарының баллдары дұрыс берілген деп есептеп, өзгеріссіз қалдырылады.

Себебі, жобаға қатысты әлеуетті өнім беруші ұсынған техникалық ерекшелігі, жоспары, жобаның мақсаттары мен міндеттері, іске асыру тетігі (әдістері), миссиясы таспырыс берушінің талаптарына сәйкес келгендіктен - 6 балл берілді.

Әлеуетті өнім беруші қызметінің мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне сәйкес келгендіктен - 2 балл берілді.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы Заңының 41-бабы, 5-тармағына сәйкес, қоғамдық бірлестіктердің қызметі туралы, оның ішінде өзінің құрылтайшылары (қатысушылары), мүлкінің құрамы, ақшаның қалыптасу көздері және жұмсалу бағыттары туралы мәліметтерді жыл сайын 31 наурызға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға ұсынады делінген.

Осы ретте, «Орда Қайсарлары» мүгедектер қоғамдық бірлестігі үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына 2025 жылғы есебін ағымдағы жылдың 31 наурызға дейін ұсыну мүмкіндігі бар болғандықтан - 1 балл берілді.

Қағиданың 21-қосымшасына сәйкес, сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі болған жағдайда - 6 балл берілетіндігі көрсетілген.

«Орда Қайсарлары» мүгедектер қоғамдық бірлестігі 2021-2025 жылдары аралығында мүгедектігі бар адамдарға (көруі бойынша) «Инватакси» қызметтерін жүзеге асырды. Осыған байланысты аталған әлеуетті өнім берушіге - 6 балл берілді.

Жобаны іске асыруға тартылатын мамандар жеткілікті болғандықтан - 2 балл берілді.

«Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі *(БСН: 170840021936)* конкурстық құжаттамасы бойынша бағалау өлшемшарттарының баллдары дұрыс берілген деп есептеп, өзгеріссіз қалдырылады.

Себебі, ұсынылатын әлеуетті өнім берушінің жобасы тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарын қамтылмауына байланысты - 0 балл беріліп, конкурсқа қатысуға жіберілмеді.

Яғни, тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде қызметтің талаптары Көруі бойынша және жалпы сырқаттануы салдарынан мүгедектігі бар адамдарды (кресло-арбаларды пайдаланбайтын) тасымалдау бойынша Инватакси қызметі меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі (арендалық) 10 (он) жеңіл автокөлікпен көрсетіледі делінген. Алайда, «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі 1 арнайы автокөлік және 2 жеңіл автокөлікті көрсетіп, конкурстық құжаттамаға салынған.

Осыған байланысты шағымыңызда көрсетілген уәждер өз дәлелін таппағандығы назарыңызға жеткізіледі.

Қағиданың 593-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің *(әрі қарай – ӘРПК)* 73-бабының 1-бөлігінде көзделген тыңдау рәсімі осы тарауда және Заңның 25-бабында көзделген ережелерге қатысты ӘРПК-нің 73-бабы 2-бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес қолданылмайды.

Жолданған шағымның Қағиданың 590-тармағының негізінде мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын хабарлаймыз.

Өз кезегінде Заңның 25-бабының 3-тармағына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Бұл ретте тапсырыс берушінің шешіміне әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде шағымдану мемлекеттік сатып алу рәсімдерін тоқтата тұрмайды.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы **А. Орынбеков**

Орындаушы: Н.Жанахметова
Телефон: 7242 – 40-04-90